

ӘДЕБИ СЫНШЫЛДЫҚ ОЙДЫҢ СИПАТЫ

Әбдіхалық Оспанқарыұлы,
ҚХР, Іле Педагогикалық институты
филология факультетінің доценті.

Әдебиет сынының алуан түрлі үлгісі мен формасы, стилі болады.

Абстракт талдауды өзінің негізгі ерекшелігі ететіндері де, көркем шығармадан алған әсері мен сезімін баяндау арқылы жеңістік табатындары да кездеседі. Мейлі қалай болмасын, мәндік жақтан алып айтқанда, әдебиет сыны анық ғылыми-зерттеу қимылы, әдеби сыншылдық ой-пікірі және оны баяндауы қалайда формалдық логика мен диалектикалық логиканың қағидаларына бойсұнуы керек. Ол кейде жалпылық қағидаларға негізделе отырып, нақтылы әдеби құбылыстарға талдау жасаса, кейде нақтылы әдеби құбылыстарға негізделіп жалпылық қағидаларға көтеріліп, жұрт әлде қашан мойындаған кейбір қағидалардың үйлесімділігін дәлелдейді, не болмаса жаңа қағидаларды ашады. Әдебиет сыны-бір түрлі ғылыми-зерттеу қимылы, бір түрлі ақылдық ойлау қимылы, жалпылық қағидаларды жинақтап, мәнге өтуді нысана етеді. Дегенмен, оның зерттеу объектісі көркемдік ой өнімі екендігін де ойласқан жөн секілді. Көркемдік (көркемөнерлік) ой-күшті сезім мен қиялды қанат қақтырып, туындыгер мен объекті сынды екі жақтың қайталанбас дара қасиетін бейнелеп, заттық дүние мен рухани дүниенің жанды да әсерлі детальдарын суреттеуді талап етеді. Міне, бұл әдеби сыншылдық ой мен басқа ғылыми зерттеудегі ойдың кейбір ұқсамайтын жақтарын барлыққа келтіреді. Әдебиет сыны дайындық жұмысынан жазушылық барысына дейін субъектінің ойы-логикалық ой мен көркемдік (көркемөнерлік) ойдың екі жақтылы сипатын бірдей әзірлеуі керек. Әдеби сын – сыншының жан-жақтылы ойланып, терең зерттеп барып әлеуметке ұсынған әдебиет құбылысы жөніндегі танымы мен ой-көзқарасы болып табылады. Әдебиет сыны-әдеби ләззатты алғы шарт, негіз етеді, көркемдік (көркемөнерлік) ойдың қасиетінен жеткілікті түсінігі, алған әсері болмаған адам әдебиет сын қызметін ойдағыдай жақсы істей алуы екіталай. Әдебиет сыны ақылдық қимыл формасы арқылы сезімдік қимылдың нәтижесін, логикалық ой формасы арқылы көркемдік (көркемөнерлік) ой нәтижесін зерттейді. Әдебиет сынының бүкіл барысында ақылдық ойдың негізгі сипатын тұрақтандырумен бірге көркемдік (көркемөнерлік) ойдың кейбір құрамдарын тоғыстыра отырып, айтылымыш екі түрлі ойды ұштастыратын, кіріктіретін олардан асып түсетін, әдеби сыншылдық ойды қалыптастырады. Жоғарыдағы көзқарастарымыз әдебиет сынының тұтас тұлғасына қаратылған, ал, мәлім бір әдебиет сын ағымы, мәлім бір әдебиет сын үлгісі, әдебиет сын мәтіні жөнінен алып айтар болсақ, онда оның ғылымға жанасу сипаты, немесе сезімдік әсердің сарыны басым болып, әрдайым өзара бір бірінен парықталады, осылайша бай да күрделі әдебиет сын әлемін ортақ жаратады. Мұндағы біршама сәтті шыққан, өзгелерінен мойны озық үлгілі әдебиет сыны қашанда екі түрлі ойдың құрамдарын ұштастырған болады.

Әдебиет сыны ғылымилықты ұстана білуі керек. Ғылымилық туралы айтыла қалса болғаны адамдардың жадына ғылымдағы “нағыз дәлдік пен қатаң ғылыми жүйе” орала кетеді де, осындай қасиетке ие болғанда ғана

ғылым есептеледі деп қарайды. Мұның себебі адамдардың Ньютоннан бері қарай жаратылыстық ғылымдардың жүйесін өлшем етуге дағдыланып қалғандығында деуге болады. Мұндай дағды жан-жақтылы таным негізіне құрылмаған. Стилистикалық сын сияқты кейбір сын ағымы және сын әдісі математикалық статистика әдісін қолданып, шығармадағы мәлім бір сөздің қолданылу жиілігін, сөйлемнің орташа ұзындығы қатарлыларды есептеудің барлығында да едәуір дәрежеде сандық мөлшердің дәлдігі бар екендігінде дау жоқ. Дегенмен, көп санды әдебиет сын әдісі мұндай мүмкіндікке жете алмайды; бұл әдебиет сынының кемістігі емес, қайта оның ерекшелігі болып табылады. Әдебиет сыны гуманитарлық ғылымға жатады; онда жаратылыстық ғылымдардың айқын парқы болады. Қоғамдық ғылымдардың көптеген түрлеріне де оншалық ұқсамайды: Бұған қарап әдебиет сыны ғылымилық қажетсіз емес, не болмаса ғылымилығы жоқ деп айтуға болмайды.

Әдебиет сынының түбірлі ұстануын—“шындықты іс жүзінен іздеу”, мұндағы “шындық” деп отырғанымыз әдеби құбылысты көрсетеді, ол сын субъектісінен дербес, объективті түрде өмір сүреді. Ал, “іс жүзі” дегеніміз, әдеби шығарманың идеялық, көркемдік қасиеті, сондай-ақ әдеби ой-пікір ағымының нысайы (тенденциясы) және олардың қалыптасуы, таралуынан бейнеленген әдебиет заңдылығын көрсетсе, “іздеу” деген сын субъекті жан-жақтылы бақылау, дәл өзіндей сезіну, байсалдылықпен зерттеу арқылы объектінің қасиеті мен одан бейнеленген заңдылықты ашып беру дегендік болып табылады. Сыншының өз зерттеу объектісіне қаратқан позициясы ғылымдардың ғылыми зерттеуде ұстанған позициясымен ұқсас болады. Ол өзі баға бермекші болған жазушының жасампаздығын және ағымға, әдеби ой-пікірге қатысты материалдарды мүмкін-дігінше толық жинауы, әдебиет жасампаздығы мен әдебиетті қабылдаудың астарын, ортасын жеткілікті зерттеп-зерделеп түсінуі керек. Сыншы ойланып-толғану, сыншылдық шығарманы жазу барысында формалдық логика мен диалектикалық логиканың негізгі жүйесіне бойсынуы, белгілі идея мен принципті тиянақ ете отырып, қорытынды шығаруы, байқампаздығы мен болжампаздығын, теориялық жақтағы тереңдігін әйгілеп, сыртқы құбылысты баяндаудан ішкі мәнді ашып беруге қарай өтуі керек. Әдебиет сынының әдебиет құбылыстарына берген бағасының объектінің нақты жағдайына, шығарған қорытындысының әдебиет жасампаздығы мен әдебиетті қабылдаудың, әдебиеттің даму заңдылығына үйлесу-үйлеспеуі оның ғылымилығының бар-жоқтығын, ғылымилығының жоғары-төмендігін белгілейді. Әдебиет сыншысының шығарған қорытындысы ғылымдардың қорытындысы сияқты практиканың (әмәляттың) сынағынан өтуі керек.

Қытай қазақ әдебиетінің сын саласы ХХ ғасырдың 80-жылдарында 70-жылдардан бұрынғы әдебиет сынындағы көптеген ғылымилыққа жатпайтын көзқарастарды өзгертті. Міне, бұл адамдардың әдебиет сынына ғылымилық талабын ертеде-ақ қоя бастағандығын көрсетіп береді. Ғылымилық әдебиет сынында болуға тиісті сапалық белгі болып табылады. Бірақ әдебиет сыны жаратылыстық ғылымға да, қоғамдық ғылымға да, әуелі гуманитарлық ғылымдардың басқа түрлеріне де бүкілдей ұқсай бермейді, ондағы ең басты түйін-оның зерттеу объектісі көркемдік ой өнімі болғандығында. Әдебиет

жасампаздығының ең жаман көрсетін қасиеті де — бір қалыптан жазбайтын қайталаушылық.

Әдебиет жасампаздығы ешқандай қайталанбайтын даралықты, күшті де нәзік сезім-сүйіспеншілікті қиял қанатына қондыра отырып, образды түрде бейнелеуді талап етеді. Әдебиет сынының міндеті — аса жоғары сезімталдықпен жазушының дәл сол кездегі жазушылық қыр-сырының ұқсамайтын дара ерекшелігінің қайда екендігін, дәл қазіргі шығармасы мен бұдан бұрынғы шығармасының ұқсамайтын бөлекше бөгенайы қайда екендігін көрсетіп беру. Әдебиет сыны-объективтілікті, байсалдылықты қажет етумен бірге көркем шығармада бейнеленген жазушы сезімі мен қиялын толық түсінуді қажет етеді.

Әдебиет сыны әдеби ләззатты алғы шарт, негіз, түйін етеді. Әдеби ләззаттану психологиясы әдеби жасампаздық психологиясымен қарама-қарсы бағыттағы барыс деп айтуға болады. Жазушы әдеби жасампаздықта өз қиялын, сезімін жазуға айналдырса, ал оқырман көркем шығарманың жазуға айналдырылған бейнесін қиял құдіретіне сүйенсе отырып көруге, естуге, сезуге болатыны мәлім психологиялық күйдегі жанды да әсерлі образға айналдырады. Әдеби ләззаттану-логикалық ойға емес, қайта көркемдік (көркемөнерлік) ойға жатады. Әдебиет сыншысының ләззаттану психологиясын зерттеп-зерделеуінің басталу сатысы мен соңындағы шығармаға талдау жасап, қорытынды шығару сатысынан мүлде бөліп тастауға келмейді. Әдебиет сынының тұтас тұлғасынан алып айтқан да логикалық ойға тәуелді, дегенмен оған аз болмаған кем болса болмайтын көркемдік (көркемөнерлік) ой құрамдары қамтылып жатады. Әдебиет сынының ең көрнекті ерекшелігі-ақылдық қимыл формасы мен сезімдік қимыл формасын, логикалық ойлау формасы мен көркемдік (көркемөнерлік) ойлау формасын, ойжоталық сипат пен әсер-түсініктік сипатты өзара ұштастырып, тоғыстыра білуінде. Әдебиет сынының өресінің жоғары-төмендігі қашан да аталмыш факторларды өзара тоғыстыру дәрежесінен байқалады.

Әдеби сыншылық ой-дәлелшілдік сипатқа ие. Әдебиет құбылысы мен әдеби факт — әдебиет сынының негізі. Әдебиет сыны алға тартатын факт бұлтартқысыз, сенімді болуы керек. Сыншы әдеби мәтінге кездескенде кей кезде библиоға (басылым тану), басылымды салыстыру дәлелдеу ғылымдарының қағидаларына сүйенсе отырып, талдау жасайды. “Сенімді бір басылым нұсқасына жазушы еркіне уәкілдік ететін басылым нұсқасы деп анықтама беруімізге болады” (1). Жазушы қолынан шыққан көркем шығарманың соңғы нұсқасы мен оқырман қолына тиген басылым көрген мәтінінің арасында редактор, корректор секілді бірнеше адам болатындықтан олардың барлығы да шығарманың түп нұсқасына өз қол табын қалдырады. Жазушы шығарманы жазу барысында көп рет өңдеуі, әуелі жарияланған соң да қолына қалам алып түзетін, кемелдендіріп отыруы мүмкін. Бейне Гайсер айтқандай, автордың қайталай өңдеген бірнеше түрлі шығарма нұсқасы қолға түскеннен кейін “біз бір топ материалдар арқылы көркемөнершінің ішкі жан дүниесінің дамуын зерттеумен бірге сезімін баян етуіндегі мақсатты меңгеруі мен дамытуындағы күш-қуатты да тексереміз” (2).

Кей кездері шығарманың қай тілде жазылып, қай жазумен басылым көргенінен сырт шығарма жазылған уақыт пен алғашқы жарияланған

кезі, жариялану формасы қатарлыларды да зерттеп-зерделеу арқылы тұрақтандыруға тура келеді. Сыншы жазушыға қатысты материалдарды ерінбей еңбектене отырып жинауы, саралауы, жазушының өмірбаяндық материалдарының сенімділігін зерделеуі, олармен шығарманың идеялық, көркемдік факторларының қандай байланысы барлығына шешім жасау керек. Әдебиет ағымдарына қаратылған сын да қатысты жазушылар арасындағы қарым-қатынасты, олардың бір-біріне жасаған ықпалын түсіну қажеттілігі де туындап отырады. Жоғарыда баяндалған түрлі-түсті мәселелер жөнінде сыншы байсалды да объективті түрде мәміле жасауы, ғылыми зерттеудегі салмақты позицияны ұстануы керек. Олардың бұл қызмет барысындағы ойы әлеумет танушылар, биологтармен әуелі барлық ғалымдармен негізінен ұқсас болады.

Әдеби сыншылдық ой ойжоталық сипатқа ие болады. Дәлелшілдіктің дәріптейтіні-объективті фактболса, ал, ойжоталықтың дәріптейтіні-ғылыми абстракт. Ойжоталық тәжірибелік оймен қарама-қарсы (салыстырмалы) кілең таза ойды көрсетеді. Сезімдік пайымнан қалқып өтіп, ұғымға сүйеніп, ой қорытады.

Маркс Гегельдің ойжоталық көзқарастарын өзгертіп, диалектиканың бір түрлі формасына айналдырған. Марксизмнің классик шығармалары өзінің ойжоталық сипаты арқылы теориялық иландыру қуатын күшейтті. Ойжотада қашан да межелеген идеал, жетімді жүйе, кемелді қорытынды болады. XX ғасырдағы көптеген сыншылардың барлығы өзі межелеген идеалын әдеби сынды қолданудың алғы шарты еткендіктен айқын теориялық даралық қалыптастырған. Сынның ойжоталық сипаты оның аңғарымпаздығы мен көргендігін, теориялық тереңдігін күшейту арқылы ғылыми әдебиет сынын мерзімді жай басылымдардың шолуынан парықтандырады. Әдебиет сыны-әдебиет құбылыстарына талдау жасап түсіндіргенде белгілі идеал, принципті негіз етуі қажет. Әдебиет сыны өзгеру, даму үстіндегі дәстүрден өзгеше де қызғылықты әдебиет құбылыстарын дағдылы әдістер мен көзқарастардан бойын аулаққа салып, шыт жаңа түсіндірмекші болғанда, жаңа идеал мен принципті қажетсінеді. Сыншы басқалардың дайын идеалы мен принциптерін қолданғысы келмей, оларды өзі араласқан сын практикасынан саралап алған кезде, сыншылдық ойдың ойжоталық сипаты кем соқса болмайды.

Әдеби сыншылдық ой-эстетикалық сипатқа ие. Әдебиет сыншысы әдеби сынға кірісердегі барлық дайындық қызметін істеп болып, кәсіптік ойлануға өткен кезде, өзі талдау жасап, баға бермекші болған көркем шығарманың мәлім бөлімінде, немесе жазушы өміріндегі мәлім кезеңдер төңірегінде айналсоқтап қалуына да, асыра теориялық байымдауға да, беріліп кетуіне де болмайды. Әдебиет сыншысы шығарманы кемелді бір көркем туынды деп қарауы керек. Маркс: “әуенді парықтай алмайтын құлақ жөнінен алып айтқан да ең әсем музыканың титтей де мағынасы болмайды” деген. (3). Әдебиет сыншысы өз объектісін әсемдік (эстетикалық) объектісі ретінде қарағанда ғана әдебиет сыны өз-өзінің мәндік қасиетінен айрылмайды. Маркс Лассальға жазған хатында “Зыжінгін” драмасына өте терең де жан-жақтылы теориялық сипатты талдау жасаумен бірге сыншылдық ойдың сезімдік жағын да сөз етіп: “егер бұл драмаға болған кілең сыншылдық

позицияны қайырып қояр болсам, тұңғыш рет оқыған кезімде мені ерекше тебіренгіті” (4) деген болатын. Ұлы қайраткерлердің әдеби сыншылық ойында қашанда нағыз эстетиканың (әсемдіктің) психологиялық құрамдары қамтылып жататын.

Әдеби сыншылық ойдың аталмыш дәлелшілдік пен ойжоталық, эстетикалық сипаттары әдебиет сынының бүкіл барысында ортадан ойып орын алуы да, шетке жайласуы да, жетекші орынға шығуы да, бағынышты болуы да мүмкін. Бірақ сыншылық ойда олардың әрбірі дара, оқшау болмайды, бірін-бірі шетке қағып қақпайламайды; қайта бір-бірімен сәйкестік тауып, өзара тоғысып жатады. Ерте заманнан қазірге, Жоңғодан шетелге дейінгі әдебиет сынына ат басын бұрған көптеген туындыгерлер, талантымен жұрт біткенді тәнті еткен сыншылар бізге әдеби сыншылық ойдың қайталанбас дара үлгісін сыйлады.

Пайдаланылған әдебиеттер.

1. (Швейцария) Йуерпуген. Гайсер. Тілдік көркем шығарма. Шаңхай аударма баспасы, 1984-жылғы басылымы, 23-бет, (қытай тілінде).
2. (Швейцария) Йуерпуген. Гайсер. Тілдік көркем шығарма. Шаңхай
3. *К.Маркс*. 1844-жылғы экономика, философия қол жазбалары. Халық баспасының 1972-жылғы басылымы, 78-79-беттері (қытай тілінде). Уаң Шянпи, ҚУ Ямін. Әдебиет сынына кіріспе. Жоғары оқу-ағарту баспасы, 2005-жыл, 1- басы-лымы, (қытай тілінде).
4. *К.Маркс*. Таңдамалы шығармалары 1-том, халық баспасы, 1-бет (қытай тілінде).
5. Уаң Шянпи. Әдебиет сынының қағидалары. Куажоң педагогикалық универ-ситетінің баспасы, 2002-жыл, 3-басылымы, (қытай тілінде).
6. *Қаусылқан Қамыжанұлы*. Жазушылықтың назарылық білімдері. Шинжян.
7. Халық баспасы, 2003-жыл, 1-басылымы. аударма баспасы, 1984-жылғы басылымы, 27-бет (қытай тілінде). Жаң Шауқаң. Жоңғо теориялық сын тарихы-ның оқулығы. Бижің педагогикалық университетінің баспасы, 1999-жыл, (қытай тілінде).